**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ**
**ОЙЫЛ АУДАНЫ**
**«АҚШАТАУ ОРТА МЕКТЕБІ»**
**КММ**

**АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ**
**УИЛСКИЙ РАЙОН**
**КГУ «АКШАТАУСКАЯ**
**СРЕДНЯЯ ШКОЛА»**

*030900, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ақшатау ауылы, «Ақжол» көшесі, 1 А, тел:72-0-81*
*030900, Актюбинская область, Уилский район, село Акшатау, улица Акжол, 1А, тел: 72-0-81*
*e-mail:AkshatauOM@mail.kz*

**17 наурыз 2025 жыл** **Бұйрық № 10 н/қ** **Ақшатау ауылы**

**«Еркетай» шағын орталығында**
**ата-аналарға арналған**
**консультациялық пункт ашу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының 1-индикаторының 5-тармағын орындау және мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған ата-аналарға (заңды өкілдеріне) кеңес беру, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасау құзыреттілігін арттыру үшін ата-аналарға арналған консультациялық пункт қызметін ұйымдастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Ақшатау орта мектебі» КММ жанындағы «Еркетай» шағын орталығында ата-аналарға арналған консультациялық пункт ашылсын.
2. Осы консультациялық пунк тиісті деңгейде талапқа сай жұмыс жасасын.
3. Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарымен жұмысты ұйымдастыру бойынша консультациялық пункттерге арналған нұсқаулықтар басшылыққа алынсын(қоса жалғанады).
4. Консультациялық пункт қызметін талапқа сай ұйымдастыруға, қажетті ақпараттарды сайттқа орналастыруға техник-бағдарламашы Б.Ғалымжанова мен Ә.Борашевқа бекітілсін.
5. Консультациялық пункттер жұмысының нұсқаулықтарға сәйкес жүргізілуін қадағалау шағын орталық тәрбиешісі А.Бақтыгерееваға жүктелсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Негіздеме:** Ойыл ауданының білім бөлімінің 17.03.2025 ж №243 хаты

**Мектеп директоры м.а:** **А.М.Махатова**

**БЕКІТЕМІН**
Мектеп директорының м.а. Махатова А.М.
«18» сәуір 2025ж.

# Ата-аналарға арналған консультациялық пункттің жылдық жұмыс жоспары

**Мекеме атауы:** Ақшатау орта мектебі жанындағы «Еркетай» шағын орталығы
**Консультациялық пункт мүшелері:**

- **Тәрбиешілер:** Бактыгереева Алтынгүл, Ысымгалиева Нурлы
- **Психолог:** Елекбаева Гүлбарам
- **Медбике:** Алипова Роза

## Мақсаты:

Ата-аналар мен отбасыларға психологиялық, педагогикалық, медициналық кеңестер беру арқылы бала тәрбиесінде туындайтын сұрақтарға кәсіби қолдау көрсету.

## Міндеттері:

- Ата-аналардың бала тәрбиесі мен дамуына байланысты білімін арттыру;
- Бала психологиясы мен мінез-құлқындағы өзгерістерді түсіндіру;
- Баланың денсаулығына байланысты алдын-алу шаралары жайлы ақпарат беру;
- Ата-аналармен тұрақты байланыс орнату және әртүрлі тақырыптарда кездесулер ұйымдастыру.

## Жылдық жұмыс жоспары

| Айы | Іс-шара атауы | Мазмұны | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| наурыз | Ата-аналарға таныстырылым | Консультациялық пункттің мақсат-міндеттерімен таныстыру, кеңес беру бағыттары туралы айту | Тәрбиешілер, Психолог, Медбике |
| Сәуір | «Бала бақыты ата-ана қолында | Ата-аналармен психологиялық қолдау жұмысы | Психолог |
| мамыр | Саусақ моторикасын дамыту | Қолдың ұсақ моторикасына арналған жаттығулар | Тәрбиешілер |
| Қыркүйек | Танысу мен диагностика | Ата-аналармен алғашқы кездесу Баланың даму деңгейін анықтау | Тәрбиешілер |
| Қазан | «Баламен сенімді қарым-қатынас орнату жолдары» | Психологиялық кеңес | Психолог |
| Қараша | «Тәртіп пен еркіндік: баланы қалай тәрбиелеу керек?» | Ашық пікір алмасу | Тәрбиешілер, Психолог |
| Желтоқсан | 1.«Дұрыс тамақтану – баланың денсаулығының кепілі»<br>2.Қорытындылау | Салауатты тамақтану бойынша кеңес<br><br>Жыл бойғы жұмыс қорытындысы | Медбике<br><br>Тәрбиешілер |

**Жұмыс түрлері:**

- Жеке консультациялар (ата-аналармен жеке кездесу)
- Ашық есік күндері
- Психологиялық тренингтер мен сауалнамалар
- Денсаулыққа байланысты кеңестер

**Күтілетін нәтиже:**

- Ата-аналар бала тәрбиесінде өз рөлін терең түсінеді;
- Психологиялық көмек арқылы отбасындағы түсініспеушіліктер азаяды;
- Балалардың денсаулығы мен даму ерекшеліктері ескеріледі;
- Мектеп пен ата-ананың өзара байланысы нығаяды.